**Тексерілді:**

**«Айгөлек» шағын орталығының әдіскері А.Адилова**

# Балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасы
# «Балдырған» ортаңғы топ Қараша айы (2-апта)

Өтпелі тақырып: **«Күз сыйы»**

Тақырыпша: « **Ас атасы Нан»**

Апта күні: 08.11-12.11.21ж

| **Күн тәртібі** | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Мақсаты:** балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру<br>**Міндеттері:**<br>- өзі, отбасы мүшелері, сүйікті ойыншықтары туралы сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру;<br>- балалардың отбасы құндылықтары деген сүйіспеншілігін ояту,<br>- отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу. | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу | Жалпы топ тазалығы, гүлдерді суару, құмды қопсыту, балалардың тазалықтарына көңіл аудару | | | | |
| Ойындар (үстел үсті саусақ және т.б. ) | Дұрыс тамақтану дәрумендер жайлы әңгіме. | Д/О «Көп және аз». | Д/О:«Көршісін тап» | Дені саудың - жаңы сау туралы әңгіме. | Ү/ү ойын «Пазл» «Пойыз құрастыр» |
| Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | Таңғы жаттығу<br>Маман жоспарына байланысты | | | | |
| Таңғы ас | Мәдени-гигиеналық дағдылары мен білімдерін орындау және бекіту.<br>Ойын жаттығуы: «Жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың...» | | | | |
| Ұйымдастырыл ған оқу қызметіне дайындық | Табиғат құбылыстарын ата Мақсаты: Табиғатта болатын өзгерістерді, олардың жыл мезгілдерін сипаттайтын бастыерекшеліктерді түсіндіру.Жыл мезгілдері туралы жалпы түсінік берубарысында, табиғат құбылыстарының өзгеріп отыратынын түсінуге үйрету.Табиғатты | «Өз орныңды тап» Мақсаты: жерге үшбұрыш сызылып, оны 6-ға бөліп сызу | «Түрлі-түсті шарлар» Мақсаты: үстел үстіне 5 жасыл шардан қатарға тізіп қояды да балаларға осынша сары шарды қоюды ұсынады.. | «Ойыншықты тап» Мақсаты: белгілері бойынша жасырылған ойыншықты табу | «Қызықты лото» Мақсаты: Логикалық ойлау қабілетін дамыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ | **1.Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>«Бауырсақ» ертегісі<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:**<br>«Қуыршақты серуенге шығару үшін киіндіреміз» | **1. Орыс тілі**<br>**Тақырыбы**:<br>«Одежда»<br><br>**2.Жапсыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Әдемі көйлек»<br><br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы: «Әдемі көйлек»** (қиылған бөліктерден құрастыру) | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Кеме» (таза ауада)<br><br>**2. Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>«Алыс-жақын» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Қуыршақ Айгүл балалармен ойнайды»<br><br>**Сурет салу**<br>**Тақырыбы:** «Әдемі көйлек» | **1.Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>«Қонжықтай күшті бола біл!»<br><br>**2.Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:**<br>«Киімдер»<br>. |
| Серуенге дайындық | Серуенге қызығушылық тудыру; балалармен жеке сөйлесу; серуен жабдықтарын дайындау; серуендегі балалардың әрекетін ынталандыру<br>Киіну реттілігін сақтау, сап түзеу | | | | |
| Серуен | **№6**<br>**Бақылау:**Құстардың қысқы тіршілігін бақылау.<br>**Мақсаты:** Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру**.**<br>**Еңбек**: «Біздің | **№7**<br>**Бақылау:**Ауа-райын бақылау.<br>**Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>Еңбек: «Таза алаң».<br>Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке | **№8**<br>**Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау.<br>**Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау.<br>Еңбек:Жапырақтардан гүл шоғын жасау<br>Мақсаты: Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру.<br>Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ | **№9**<br>**Бақылау:** Алтын күзді бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.<br>Қуандырып біздерді,<br>Мерекелі күз келді<br>Кел жемісті алтын күз<br>Кемелденсін халқымыз.<br>Қимылдық ойын: «Жылғадан қарғып | **№10**<br>**Бақылау:** Жәндіктерді бақылау.<br>**Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қарандаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.<br>«Қыстың қамын жаз ойла».<br>Еңбек:Біздің алаң.<br>Мақсаты: Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету.<br>Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату.<br>Мақсаты: «Суға түкірме «, «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру.<br>Қимылдық ойын: «Итеріспек» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншықтар».<br>**Мақсаты:**Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету.<br>**Жеке жұмыс:**<br>Тақпақ: «Құстар қайтып барады».<br>**Мақсаты:**Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.<br>Қазан толы<br>Дәулет қорын қалады.<br>Заңғар көкке жол сызып,<br>Құстар қайтып барады.<br>**Қимылдық ойын:**<br>**«Жүзік салу»**<br>**Мақсаты:** Зейін қойып тыңдауға үйрету.<br>**Қимылдық ойын:**<br>«Сымсыз телефон».<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар сап түзеп тұрады.Ойын басқарушы бірінші тұрған адамға құлағына сыбырлап, сөз немесе сөйлем | үйрету.Үлкендердің еңбегін кадірлей білуге тәрбиелеу.<br>Жеке жұмыс:<br>Е.Өтетілеуов «Күшік».<br>Мақсаты: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.<br>Е.Өтетілеуов. «Күшік».<br>Үреді үйшікте<br>Аулада күшіктер<br>Біреуі оның қап-қара,<br>Біреуі сары ала<br>Біреуі қардай ақ,<br>Біреуі сұр жолақ<br>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:<br>Үреді абалап<br>Ойын: «Қасқыр мен қаздар».<br>Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».<br>Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп | Қыстың жақын қалғанын,<br>Жапырақтар сезгендей.<br>Желмен ұшып барады,<br>Жерге қонып үлгермей<br>Мақсаты: Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту.<br>Ойын: «Аю жүрген орманда».<br>Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту<br>Қимылдық ойын: «Монданақ».<br>Ойын барысы: Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра | өтеміз», «Қоян мен қасқыр».<br>Мақсаты:Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету.<br>Еңбек: «Таза алаң»<br>Мақсаты: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету.<br>Жеке жұмыс:<br>«Отбасы мүшелері»<br>Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.<br>Қимылдық ойын: «Көрші».<br>Мақсаты:Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету.<br>Ойын барысы:<br>Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық | Ойын барысы: Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені.<br>Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді.<br>Балалардың өз бетімен ойнауы:<br>1. Тығылыспақ.<br>2. Тартқышқа тартылу.<br>3.Допты қуалау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтады, ол келесі көршісіне сыбырлап естіген сөзін жеткізеді, солай соңғы адамға дейін жалғасады.Ал енді ойын басқарушы соңғы адамнан бастап әлгі айтылған сөзді сұрайды.Бастапқы айтқан сөзі кейде өзгеріп кетуі мүмкін, соны қате естіп өзгерткен адам айып өтейді.Айып түрлері: Ән салу, би билеу т.б<br>**Дербес ойындар:**<br>1.Тығылыспақ<br>2. Әткеншек тебу.<br>**Тренинг:** «Құс болып ұшайық». | ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,-дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады. | аллмаған ойыншы ортаға шығады. Балалардың өз бетімен ойнауы:<br>1.Орта доп<br>2.Әткеншек тебу<br>3.Қуаласпақ<br>Тренинг: «Бір шаңырақ астында». | жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады. Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды. | |
| Серуеннен оралу | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті . | | | | |
| Түскі ас | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. | | | | |
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ұйқыға жактқызу. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру | Аудио ертегілер тыңдау | Керуеттегі жаттығулар | Керует жанындағы жаттығулар | Керует жанындағы жаттығулар | Шынықтыру шарасы. «Денсаулық» жолымен жүру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| шаралары | | Көзімізді ашайық<br>Аунап, қунап алайық ,<br>Ұйқымызды ашайық | «Күннің оянуы»<br>«Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. Ақырын тұрады.<br>Биік, биік, биікке - Балалар тұрып, қолдарын жоғары қарай көтереді. | - Аяқ бірге, қолды алға созу, жоғары көтеру, жанға созу.<br>- Қол белде, оңға, солға иілу . | Арнайы жолдармен,<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі,<br>Массаж жасау білеміз. |
| Бесін ас | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |
| Ойындар, дербес әрекет | **Д/о: «Көршісін тап»**<br>Мақсаты: балалардың сандар жайлы білімдерін тиянақтау . | Сюжеттік ойыншықтармен ойындар,<br>ертегі оқып беру;<br>үстел үсті театры. | **«Сурет бойынша жинастыр»**<br>Мақсаты: қол маторикасын жетілдіру. | **Жыл мезгілі туралы әңгімелесу:**<br>«Күз»(сурет қарастыру)<br>Мақсаты: қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. | **Ойын «Кімнің заттары?»** (жақын адамдарының заттарын анықтау);Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозаика және т.б. |
| Баланың жеке даму картасына сәйкеґс жеке жұмыс | Балалармен апта күндерін рет-ретімен атап, есте сақтай білуге үйрету. | Балалармен жұмбақ жасыру.<br>М: Ойлау қабілеттерін арттыру. | Балалардың тілдерін дамыту мақсатында сөз ұйқас жаттау. | Балалармен кеңістікті бағдарлау<br>М: Өзіне жақын кеңістікті бағдарлай білуге үйрету | Балалармен 10 көлемінде тура және кері санау<br>М: есептік санау қабілеттерін арттыру |
| Серуенге дайындық | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу | | | | |
| Серуеннен оралу | Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Таңертең бақшаға кешікпей келуді тапсыру. Балалардың тәртіптері туралы әңгімелесу | | | | |